АТЫРАУ
ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 26 мамыр № 135

Атырау қаласы

город Атырау

Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №302 «Атырау облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №105-VII «2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешімін іске асыру туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 79-бабы 1-тармағына, 111-бабы 3-тармағы 2-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 мамырдағы №308 ««2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 872 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №302 «Атырау облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №105-VII «2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешімін іске асыру туралы» қаулысына (облыс әкімдігінің 2022 жылғы 25 қаңтардағы №3, 2022 жылғы 28 ақпандағы №26, 2022 жылғы 30 наурыздағы №78, 2022 жылғы 18 мамырдағы №107 қаулыларымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың:

1) тармақшасында:

«518 756 271» деген сандар «620 961 344» деген сандармен ауыстырылсын;

«345 429 911» деген сандар «447 634 984» деген сандармен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

«520 757 106» деген сандар «622 962 179» деген сандармен ауыстырылсын;

3) тармақшасында:

«12 179 481» деген сандар «13 475 377» деген сандармен ауыстырылсын;

«24 729 146» деген сандар «26 025 042» деген сандармен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

«-14 180 316» деген сандар «-15 476 212» деген сандармен ауыстырылсын;

«14 180 316» деген сандар «15 476 212» деген сандармен ауыстырылсын;

2) 2-тармақ келесі мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

«24) осы қаулының 24-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 мамырдағы №308 ««2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 872 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысына сәйкес облыстық бюджеттің көрсеткіштерін түзету сомалары бекітілсін.»;

3) көрсетілген қаулының 1, 4, 5, 6, 8, 9, 15- қосымшалары осы қаулының 1- 7-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

4) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес 24-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Н.Б.Таушовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі **С.Шәпкенов**